

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ АДАМ ЖӘНЕ АЗАМАТ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН БОСТАНДЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Мемлекет тарапынан адамның өмірінің барлық аясындағы оның құқықтары мен бостандықтарын тубегейлі қамтамасыз ету осы мақсатты жүзеге асырудың құқықтық негізі халықаралық шарттар, Конституциялар мен конституциялық заңдар болып танылады. Қазақстан Республикасы егемендігін алғаннан бастап, бейбітшілік саясатын, мемлекеттердің түрлі саяси және әлеуметтік құрылыста бейбіт өмір сүруін ұстануға ат салысады. Сыртқы және ішкі саясаттар қазіргі заман талаптарымен толығып келеді.

XIX ғасырдың ортасынан бастап, кейбір мемлекеттердің адам құқықтарын қорғау мәселелерін халықаралық мәселе ретінде қарастыра бастаулары айтарлықтай.

Сонымен, Франция 1850 жылы Ливандағы жаппай қыруды тоқтату үшін өз әскерін Оттоман империясына жіберді. Осыған ұқсас жайттар, христиан елін озбырлықтан қорғау үшін еуропалық державалар Оттоман империясының ішкі ісіне араласқан уақытында 1875 жылы Боснияда және 1878 жылы Кипрде де болып жатты. 1878 жылғы Берлин шарты. Адам құқықтарын жаппай бұзу жағдайындағы гуманитарлық интервенцияға (басқа бір мемлекеттің ішкі саясатына қол сұғушылық) құқықты болу халықаралық құқықтың батыстық тұжырымдамасының бір бөлігі болып табылды. БҰҰ тәжірибесіне орай, 1948 жылы

Адам құқықтарының жалпы декларациясы және оның кейінгі жалпылық танылуы қабылданғаннан кейін, мемлекеттерге жазалау саясатын жүргізуді қорғану ретінде ішкі істерге араласпау принципін қолдану үсті-үстіне қиындай түсті. Демек, адамның құқықтары мен бостандықтарын қорғау және қамтамасыз ету бойынша халықаралық келісімдер — халықаралық-құқықтық құбылыс екендігіне маңызды қорытынды жасау қажет. Бірақ та осыған орай олардың ерекше сипаты туралы баяндайтындай бірнеше белгілерге ие. Бұл ең алдымен мемлекеттердің мынадай келісімдері бойынша міндеттемелерінің мәнісі: мемлекет өздері ғана емес, ал индивидтер мен индивидтердің топтары негізгі субъект болып орындайды.

Мемлекеттер осы сияқты келісімдерде нақтылы халықаралық құқық бойынша халықаралық-құқықтық реттеудің объектісі болып табылмайтын ішкі және ұлттық заңнама мәселелеріне қатысты шешімнің қабылдануының негізгі шеңбері мен принциптері туралы келіседі.

Осыған сәйкес, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын сақтау мәселелері бойынша дәл нақ халықаралық құқық пен ұлттық заңдардың нормаларының басымдылығы туралы айта отыра, біріншілердің екіншілерден басымдылығын таныған жөн.

Қазақстандық халықаралық-құқықтық ойлардың қозғалысы соңғы жылдары Қазақстанның саясатындағы басты принциптердің бірі болып табылатын халықаралық құқықтың басымдығын бекітуге ұмтылудағы жаңа ойдың бекілуімен байланысты осы бағытта жұмыстар атқарылып жатыр.

Мысалы, Қазақстан Республикасы үкіметінің 2005 жылғы 21 маусымдағы №598 және 2005 жылғы 25 маусымдағы №625 қаулысымен «Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы Халықаралық пактіні бекіту туралы» — ескертпесіз және «Азаматтық және саяси құқықтар туралы Халықаралық пактіні бекіту туралы» бір ескертпемен, ҚР Бас прокуратурасымен ұсынылған заңдардың жобасы Парламентке ұсынылды. ҚР Бас прокуратурасының ұсынысы бойынша халықаралық шарттың нормасы толықтырылады: «Халықаралық пактінің 9-бабының 3-тармағының ережесін тани отыра, Қазақстан Республикасы ұлттық заңға сәйкес кез келген тұлғаның ұсталғандығы туралы тез арада прокурор хабардар етіледі деп түсіндіреді». Сотпен немесе прокурормен қамауға алынған әрбір тұлғаның ұсталуы немесе қамауға алынуы бойынша сотқа шағымдана алады. Әйтсе де 9-баптың 3-тармағы келесі нормадан тұрады: «Қылмыстық айыптау бойынша қамауға алынған немесе ұсталған әрбір тұлға заң бойынша сот билігін жүзеге асыруға құқық берілген сотқа немесе басқа лауазымды тұлғаға тез арада жеткізіледі және де ақылға қонымды уақыт ішінде босауға немесе сотқа дейін істі қарауға құқығы бар. Сот талқылануын күтуші тұлғаларды қамауда ұстау жалпы ереже болып қалмауы керек, бірақ босату сотқа келуіне кепілдік беретініне, оның басқа кез келген сатысында сот талқылануына қажет болған жағдайда және үкімнің орындалуы үшін келуіне байланысты болады.

Сонымен қатар, қылмыстық іс жүргізуде қамауға алу және өлім жазасын қолдану мәселелері бойынша 2007 жылғы 21 мамырдағы Қазақстан Республикасының Конституциясындағы соңғы өзгерістеріне байланысты Қазақстан халықаралық тәжірибені біртіндеп және әдістемелі енгізуде және де Халықаралық пактілер нормаларын, өзге де халықаралық құжаттарды ескереді.

Халықаралық пактілердің бекітілуін жүзеге асыру барысы бойынша адам құқығы аясындағы барлық ұлттық заңдарды негізгі халықаралық құжаттармен сәйкестендіру басталғандығы туралы ерекше жұмысты айта кетуге болады¹.

Адам құқығы бойынша халықаралық шарттар «мемлекеттер тек өзге де мемлекеттер-қатысушылардың алдында ғана емес, сонымен бірге өз азаматтарының алдында да міндеттемелерді ұстанулары қажеттігі» туралы айтылғандарға мысал ретінде пікір беріліп отыр².

Нормативтік базаның және де әсіресе халықаралық-құқықтық нормаларды қолдану тәжірибесінің дамуы уақыт өте келе индивидті қалыптасушы құқықтың субъектісі — адам құқығын халықаралық қорғауданегіз бола алады деген болжам айтуға болады.

Сондай-ақ, жекелеген азаматтардың халықаралық соттарға және Қазақстандағы адам құқығы бойынша Уәкілетті органға шағымданғаны туралы нақты мысалдар да бар³.

Қорыта айтқанда, адам құқықтары мен бостандықтарына қатысты халықаралық құқықтағы және ұлттық заңдардағы, тіпті қылмыстық сот ісін жүргізудің ең бастысы, бұл тап осындай мемлекет аралық дауларды реттеу ғана емес, ал құқықтар мен бостандықтардың өздерін бекіту болып саналады.

¹ Абайдельдинов Е. М. Теоретико-правовые аспекты приоритетности в соотношении международного и национального права Республики Казахстан: Дис. ... з. ғ. д. — Алматы, 2005. — 114-115 бб.; Ахпанов А. Н., Насыров Г. Х. Арест в качестве меры пресечения: проблемы судебного контроля и санкционирования: Монография.— Алматы, 2005. 183-б.

² Верещетин В. С., Мюллерсон Р. А. Примат международного права в мировой политике // Советское государство и право. — 1989. — № 7. — 10-б.

³ Мифы Страсбургского суда // Новый Вестник. 2007 ж. 25 шілде; Генпрокурор нашел себе защитников // Новый Вестник. 2007. 1 тамыз; Дело не в кодексе - дело в судьях...// Зеркало. 2007. 6 маусым.